



Бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар бойынша салық төлеу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ N 35

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 1995 жылғы 21 маусымдағы N 35 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 76. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. ~V970068

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" U952227_ Заң күші бар Жарлығы және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 U952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығы негізінде шығарылды.

I. Салық төлеушілер

1. Бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуына байланысты операциялар жүргізуші, сондай-ақ олардың эмиссиясын жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салық төлеушілер
б о л ы п т а б ы л а д ы .

II. Салық салу объектілері

1. Акционерлік қоғам ұйымдастырылған кезде акцияларды шығару құны міндетті түрде Жарғылық қордың сомасына тең болуы тиіс.

2. Бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салық салудың объектілері
м ы н а л а р :

2.1. Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған бағалы қағаздардың бастапқы және қосымша эмиссиясының құны;

2.2. Қазақстан Республикасында шығарылған бағалы қағаздар бойынша Қазақстан Республикасы аумағында және одан тысқары жерлердегі сату, сатып алу, өтемсіз беру, құрылтайшылар арасында орналастыру, айырбастау, кепілге салынған бағалы қағаздарды кепіл ұстаушының меншігіне беру, мұрагерлікке алу операциялары және оларға меншік құқығының ауысуымен байланысты бағалы қағаздар жөніндегі басқа операциялар кезіндегі бағалы қағаздардың
н а р ы қ т ы қ қ ұ н ы .

Қазақстан Республикасы аумағында шетелдік эмитенттер айналысқа шығарған бағалы қағаздар осы Жарлыққа сәйкес басқа да бағалы қағаздармен

бірге тең жағдайлар негізінде бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға
с а л ы қ с а л ы н а д ы .

Айналысқа отандық және шетелдік эмитенттер материалдық, сол сияқты материалдық емес түрде шығарған акциялар, облигациялар күйіндегі бағалы қағаздармен жүргізілетін аталған операциялар салық салуға жатқызылады.

Тіркеусіз шығарылған немесе заңсыз шығарылған бағалы қағаздар осы нұсқаулықтың 3 тармағында келтірілген ставка бойынша жалпы белгіленген тәртіппен салық салынуға жатқызылады.

III. Салық ставкалары және жеңілдіктер

3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы бағалы қағаздарды шығаруды /эмиссиясы/ тіркеген кезде эмиссияның көрсетілген құнының 0,5 проценті мөлшерінде салық төленеді.

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы шығарылған бағалы қағаздар эмиссиясының алғашқы және қосымша бағасы, қолданымдағы заңға сәйкес жүргізілген акционерлік қоғамның мүлкін қайта бағамдау бағасы акциясының э м и с с и я с ы н а н б а с қ а .

Мысалы: Акционерлік қоғам құрылған кезде оның алғашқы акциясының эмиссиясы 1000 мың теңге болды. Сосын Үкіметтің қаулысына сәйкес мүлікке қайтадан бағамдау жүргізіліп оның жарғылық қоры 5000 мың теңгеге дейін көбейді. 4000 мың теңгеге қосымша эмиссия жасағанда акционерлік қоғам эмиссиясының проспектісін қайта тіркегені үшін салықтан босатылады.

4. Орталық атқарушы өкімет органдары /мемлекеттік комитеттер, министрліктер, ведомстволар, жергілікті өкілді, атқарушы органдар/ шығарған бағалы қағаздардың қозғалысы бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде олардың сатылу құнының 1000 теңгесінен 1 теңге мөлшерінде алдыңғы абзацта көзделген тәртіппен салық төленеді.

5. Басқа заңды және жеке тұлғалар шығарған бағалы қағаздардың қозғалысы бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде олардың сатылу құнының әрбір 1000 теңгесінен 3 теңге мөлшерінде салық төленеді.

6. Сатып алу бағасы көрсетілген құнынан төмен болған жағдайда немесе ақысыз-пұлсыз басы бүтін беріс, сыйға беру, мұраға қалдыру кезінде бағалы қағаздың көрсетілген құнынан сол мөлшерде салық төленеді.

Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы салық салуға жатпайды.

IV. Салық сомасын белгілеу

7. Төлеушілер салық сомасын эмиссия құны мен бағалы қағаздар қозғалысы жөніндегі операциялар бойынша мәміле сомасына және салық ставкаларына қ а р а й д е р б е с е с е п т е й д і .

Салық сомасы эмиссияның көрсетілген құнына сүйене отырып, бағалы қағаздардың әрбір шығарымы бойынша бөлек есептеледі.

V. Салық төлеудің тәртібі мен мерзімі

8. Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеген кезде эмитент тіркеуші органға тиесілі салық сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат тапсыруға м і н д е т т і .

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шарттар мен тәртіпті бұза отырып, эмитент жүзеге асырған бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеуден бас тартылған жағдайда, төленген салық қайтарылуға жатпайды және бағалы қағаздар эмиссиясы кейінірек тіркелген кезде ескеріледі.

Тіркелмеген бағалы қағаздар эмиссиясы жағдайларында бағалы қағаздар эмиссиясының басталуы салықты төлеу мерзімі болып есептеледі.

Бағалы қағаздардың қозғалысы жөніндегі операцияларды сатушы немесе сатушының тапсыруы бойынша делдал жүзеге асырған кезде сатып алушы / алушы/ осы операциялардың жүзеге асырылуы сәтінде сатушының шотына салық енгізеді. Сатушының шотына түскен салықты ол банктік үш күн ішінде б ю д ж е т к е е н г і з е д і :

N 1 мысал. "А" фирмасы 100,0 мың теңге сомасында "Б" компаниясының акциясын сатып алды. Осы "А" фирмасы "Б" компаниясына бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салықпен бірге 100,3 мың теңге сомасына ақшалай қаржы аударды. "Б" компаниясының акциясын сатушының шотына келіп түскен 0,3 мың теңге /0,003x100,00/ мөлшеріндегі салық банктік үш күн ішінде бюджетке енгізілуі тиіс.

Биржа нарығындағы мәмілені жүзеге асырған кезде бағалы қағаздарды сатып алушылар /алушы/ осы мәмілелерді бір мезгілде ресімдей отырып, қор биржаларындағы есеп айырысу бөлімдерінің шоттарына салық енгізіледі. Қор биржалары салыққа тиесілі соманы мәмілені ресімделгеннен кейін банкілік үш күн ішінде енгізеді.

N 2 мысал.

Қор биржасында 200,0 мың теңге сомасында акциялар сатып алған "Б" фирмасы биржаның есеп айыру шотына 200,6 мың теңге бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салықпен қоса ақшалай қаржы аударды.

Қор биржасы 0,6 мың теңге мөлшерінде салық сомасын банктік үш күн ішінде бюджетке аударуы тиіс.

акциялар және облигациялар бойынша операцияларды /алушыларды/ эмитенттің шотына салық енгізеді. Эмитент салықтардың тиесілі сомасын осы сома есепке алынғаннан кейінгі келесі айдың 20-да бюджетке енгізеді.

Н 3 м ы с а л .

Акционер Иванов А.А. "А" акционерлік қоғамынан /эмитент/ 10000 теңге сомасына акция сатып алып, бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салықпен қоса қоғам кассасына 10030 теңге аударды.

"А" акционерлік қоғамы /эмитент/ 30 теңге мөлшеріндегі тиесілі салық сомасын келесі айдың 20-на дейін бюджетке енгізеді.

Бағалы қағаздармен операциялар жасауға салынатын салық жөніндегі декларацияны салық төлеуші салық қызметінің органдарына есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 20 күніне дейін Бас мемлекеттік салық инспекциясы белгіленген нысан бойынша ұсынады.

Егер тоқсандық орташа төлемдер жылына 20 ең төменгі айлық жалақыдан кем болса, декларация жылына 1 рет ұсынылады.

VI. Төлеушінің жауапкершілігі және салық төлеуге бақылау жасау

9. Бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салықты толық әрі уақытылы төлеу жауапкершілігі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық төлеушіге жүктеледі.

10. Салықты дұрыс есептеу және уақытылы төлеуге Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес салық органдары бақылау жасайды.

Бас салық инспекциясының
бастығы - Қазақстан
Республикасы Қаржы
министрінің бірінші
орынбасары

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі Бас
салық инспекциясының
Нұсқаулығына N 1 қосымша
" ____ " _____ 1995 ж.
N _____

/қала, аудан/
_____ бойынша салық
инспекциясы
Табыс ету мерзімі _____
Нақты табыс етілді _____

Заңды /жеке/ тұлғалардың бағалы қағаздармен
жүргізілетін операциялары бойынша

ДЕКЛАРАЦИЯ

_____ тоқсан 199 жыл

Көрсеткіштер	Төлеушінің Салық инспекция.
	деректері сының деректері
	бойынша бойынша

1. Бағалы қағаздар /акциялар,
облигациялар/ эмиссиясының
құны
2. Бағалы қағаздар эмиссиясы
құнынан эмиссия /0,5/
бөлігінде бағалы қағаздармен
/акциялармен, облигациялармен/
жүргізілген операцияларға
салынатын салық

3. Өткізілген бағалы қағаздар
/акциялар, облигациялар/
4. Бағалы қағаздардың
қозғалысы бөлігіндегі
бағалы қағаздармен
жүргізілетін операцияларға
салынатын салық /1000 теңгеден
1 теңге/
5. Қалған бағалы қағаздар /акциялар,
облигациялар/ өткізілген
6. Бағалы қағаздар қозғалысы
бөлігіндегі бағалы қағаздармен
жүргізілген операцияларға
салынатын салық /1000 теңгеден
3 теңге/
7. Бағалы қағаздармен жүргізілетін
операцияларға салынатын салықтың
барлығы
8. Бюджетке бағалы қағаздармен
жүргізілген операцияларға
салынатын салық аударылды

Анықтамалық:

а/ Қор биржасының есепшотына енгізілген бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларға салынатын салық сомасы;

б/ сатушы мен эмитент енгізген бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларға салынатын салықтың сомасы.

Заңды және жеке тұлғалардың есеп айырысу және басқа да шоттары бар барлық банкілердің атауы:

Банк мекемесінің аты

Шот нөмірі
